

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне азаматтық заңнаманы жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 30 маусымдағы № 491 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне азаматтық заңнаманы жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Премьер-Министрі К. Мәсімов
Жоба

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне азаматтық заңнаманы жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

1-бап. Қазақстан Республикасының мына заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. 1994 жылғы 27 желтоқсанда Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі қабылдаған Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне (Жалпы бөлім) (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1994 ж., № 23-24 (қосымша); 1995 ж., № 15-16, 109-құжат; № 20, 121-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., № 2, 187-құжат; № 14, 274-құжат; № 19, 370-құжат; 1997 ж., № 1-2, 8-құжат; № 5, 55-құжат; № 12, 183, 184-құжаттар; № 13-14, 195, 205-құжаттар; 1998 ж., № 2-3, 23-құжат; № 5-6, 50-құжат; № 11-12, 178-құжат; № 17-18, 224, 225-құжаттар; № 23, 429-құжат; 1999 ж., № 20, 727, 731-құжаттар; № 23, 916-құжат; 2000 ж., № 18, 336-құжат; № 22, 408-құжат; 2001 ж., № 1, 7-құжат; № 8, 52-құжат; № 17-18, 240-құжат; № 24, 338-құжат; 2002 ж., № 2, 17-құжат; № 10, 102-құжат; 2003 ж., № 1-2, 3-құжат; № 11, 56, 57, 66-құжаттар; № 15, 139-құжат; № 19-20, 146-құжат; 2004 ж., № 6, 42-құжат; № 10, 56-құжат; № 16, 91-құжат; № 23, 142-құжат; 2005 ж., № 10, 31-құжат; № 14, 58-құжат; № 23, 104-құжат; 2006 ж., № 1, 4-құжат; № 3, 22-құжат; № 4, 24-құжат; № 8, 45-құжат; № 10, 52-құжат; № 11, 55-құжат; № 13, 85-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 3, 20, 21-құжаттар; № 4, 28-құжат; № 16, 131-құжат; № 18, 143-құжат; № 20, 153-құжат;

2008 ж., № 12, 52-құжат; № 13-14, 58-құжат; № 21, 97-құжат; № 23, 114, 115-құжаттар; 2009 ж., № 2-3, 7, 16, 8-құжаттар; № 8, 44-құжат; № 17, 81-құжат; № 19, 88-құжат; № 24, 125, 134-құжаттар; 2010 ж., № 1-2, 2-құжат; № 7, 28-құжат; № 15, 71-құжат; № 17-18, 112-құжат; 2011 ж., № 2, 21, 28-құжаттар; № 3, 32-құжат; № 4, 37-құжат; № 5, 43-құжат; № 6, 50-құжат; № 16, 129-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 1, 5-құжат; № 2, 13, 15-құжаттар; № 6, 43-құжат; № 8, 64-құжат; № 10, 77-құжат; № 11, 80-құжат; № 20, 121-құжат; № 21-22, 124-құжат; № 23-24, 125-құжат; 2013 ж., № 7, 36-құжат; № 10-11, 56-құжат; № 14, 72-құжат; № 15, 76-құжат; 2014 ж., № 4-5, 24-құжат; № 10, 52-құжат; № 11, 61 63-құжаттар; № 14, 84-құжат; № 21, 122-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 жылғы 10 сәуірде «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне зияткерлік меншік саласын құқықтық реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2015 жылғы 7 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы; 2015 жылғы 24 сәуірде «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттің кәсіпкерлік қызметке қатысуын шектеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2015 жылғы 22 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы; 2015 жылғы 29 сәуірде «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сақтандыру және исламдық қаржыландыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2015 жылғы 27 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 1-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Азаматтық заңнамада тауар-ақша қатынастары және қатысушылардың теңдігіне негізделген өзге де мүліктік қатынастар, сондай-ақ мүліктік емес жеке қатынастар реттеледі. Азаматтық заңнамада реттелетін қатынастардың қатысушылары азаматтар, заңды тұлғалар, мемлекет, сондай-ақ әкімшілік-аумақтық бірліктер болып табылады.»;

2) 7-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«7-бап. Азаматтық құқықтар мен міндеттердің пайда болу, өзгеру және тоқтатылу негіздері

Азаматтық құқықтар мен міндеттер Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген негіздерден, сондай-ақ азаматтар мен заңды тұлғалардың әрекеттерінен пайда болады, өзгереді және тоқтатылады, өйткені осы әрекеттер азаматтық заңнамада көзделмегенімен, олардың жалпы негіздері мен мәніне байланысты азаматтық құқықтар мен міндеттерді туындайды.

Осыған сәйкес азаматтық құқықтар мен міндеттер:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген шарттар мен өзге де мәмілелерден, сондай-ақ заңнамада көзделмеген, бірақ Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін мәмілелерден;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес азаматтық-құқықтық салдарға

әкеп соғатын әкімшілік актілерден;

3) азаматтық құқықтар мен міндеттерді белгілеген сот шешімінен;

4) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде тыйым салынбаған негіздер бойынша мүлікті жасау, жою, сатып алу немесе оны иеліктен шығару, сондай-ақ мүлікке құқықтан бас тарту нәтижесінде;

5) өнертабыстар, өнеркәсіптік үлгілер, ғылым, әдебиет және өнер туындыларын және зияткерлік қызметтің өзге де нәтижелерін жасау салдарынан;

6) басқа тұлғаға зиян келтіру салдарынан, сол сияқты басқа тұлға есебінен мүлікті негізсіз сатып алу немесе жинау (негізсіз баю) салдарынан;

7) азаматтар мен заңды тұлғалардың өзге де әрекеттері салдарынан;

8) Қазақстан Республикасының заңнамасы азаматтық-құқықтық салдардың басталуын байланыстыратын оқиғалар салдарынан пайда болады, өзгереді және тоқтатылады.»;

3) 8 - б а п т а :

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Азаматтар мен заңды тұлғалардың басқа тұлғаға зиян келтіруге, құқықты өзге нысандарда теріс пайдалануға, сондай-ақ құқықты оның мақсатына қайшы келетіндей етіп жүзеге асыруға бағытталған әрекеттеріне жол берілмейді.»;

мынадай мазмұндағы 6-тармақпен толықтырылсын:

«6. Ешкім де өзінің заңсыз немесе жосықсыз қылығымен басымдық алуға құқылы емес.»;

4) 9-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Азаматтық құқықтарды қорғауды сот, төрелік: құқықтарды тану; құқық бұзылғанға дейінгі болған жағдайды қалпына келтіру; құқықты бұзатын немесе оның бұзылу қаупін туғызатын әрекеттердің жолын кесу; міндетті заттай орындалуға ұйғарым шығару; залалдарды, тұрақсыздық айыбын өндіріп алу; дау айтылатын мәмілені жарамсыз және оның жарамсыздығы салдарын қолдануды жарамсыз деп тану, мәніссіз мәміленің жарамсыздығы салдарын қолдану; моральдық зиянның өтемін төлету; құқықтық қатынастарды тоқтату немесе өзгерту; мемлекеттік басқару органының немесе жергілікті өкілді не атқарушы органның Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес келмейтін актісін жарамсыз немесе қолдануға жатпайды деп тану; азаматтың немесе заңды тұлғаның құқыққа ие болуына немесе оны жүзеге асыруына оларға кедергі жасағаны үшін мемлекеттік органның немесе лауазымды адамнан айыппұл өндіріп алу арқылы, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген өзге де тәсілдермен жүзеге асырады .

Заңды тұлғалардың моральдық зиянды өтету құқығы жоқ.»;

5) 14-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«Азаматтың меншік құқығында Қазақстан Республикасының шегінде де, оның

шекарасынан тыс жерлерде де мүлкінің, оның ішінде шетел валютасының болуы; мүлікті мұраға алуы және мұраға қалдыруы; заңнамалық актілерде тыйым салынбаған кез келген қызметпен айналысуы; дербес өзі немесе басқа азаматтармен және заңды тұлғалармен бірге заңды тұлғалар құруы; заңнамалық актілерде тыйым салынбаған кез келген мәмілелер жасасуы және міндеттемелерге қатысуы; өнертабыстарға, ғылым, әдебиет және өнер туындыларына, зияткерлік қызметтің өзге де нәтижелеріне зияткерлік меншік құқығының болуы, материалдық және моральдық зиянның орнын толтыруды талап етуі; басқа да мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтары болуы
м ү м к і н . » ;

б) 18-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Құқық қабілеттілігін немесе әрекет қабілеттілігін шектеуге бағытталған басқа да мәмілелерге заңнамалық актілерде рұқсат берілген жағдайларды қоспағанда, азаматтың құқық қабілеттілігінен немесе әрекет қабілеттілігінен толық немесе ішінара бас тартуы және осындай мәмілелер мәніссіз болады.»;

7) 4 1 - б а п т а :

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Егер осы Кодексте және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде өзгеше көзделмесе, заңды тұлға өз қызметін жарғының және (немесе) құрылтай шартының негізінде немесе, егер заңды тұлғаны бір тұлға құрған болса, жарғының және заңды тұлға құру туралы жазбаша түрде ресімделген шешімінің (жалғыз құрылтайшының шешімінің) негізінде жүзеге асырады. Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларда коммерциялық емес ұйым болып табылатын заңды тұлға осы түрдегі ұйымдар туралы жалпы ережелердің негізінде ә р е к е т ж а с а й а л а д ы .

Шағын, орта және ірі кәсіпкерлік субъектісі болып табылатын заңды тұлға өз қызметін уәкілетті орган мазмұнын айқындайтын үлгілік жарғының негізінде жүзеге а с ы р а а л а д ы . » ;

б-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) егер олар құрылтайшылардың өзара қатынастарына қатысты болса, құрылтай ш а р т ы н ы ң ; » ;

8) 43-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«43-бап. Заңды тұлғаның филиалдары, өкілдіктері және өзге де оқшауланған құрылымдық бөлімшелері

1. Заңды тұлғаның тұрған жерінен тыс орналасқан және оның функцияларының бәрін немесе бір бөлігін, оның ішінде өкілдік функцияларын жүзеге асыратын оқшауланған бөлімшесі филиал болып табылады.

2. Заңды тұлғаның тұрған жерінен тыс орналасқан және заңды тұлғаның мүдделерін қорғауды және өкілдігін жүзеге асыратын, Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, оның атынан мәмілелер мен өзге де

құқықтық әрекеттер жасайтын оқшауланған бөлімшесі өкілдік болып табылады.

3. Филиалдар мен өкілдіктер заңды тұлғалар болып табылмайды. Оларға мүлікті өздерін құрған заңды тұлға береді және ол бекіткен ережелер негізінде әрекет етеді.

4. Заңды тұлғалар өзге де оқшауланған құрылымдық бөлімшелер құруға құқылы.

Заңды тұлға функцияларының бір бөлігін орындайтын, өзінің орналасқан жері бойынша стационарлық жұмыс орындары жабдықталған аумақтық оқшауланған бөлімше заңды тұлғаның өзге де оқшауланған құрылымдық бөлімшесі болып танылады. Егер жұмыс орны бір айдан асатын мерзімге құрылса, ол стационарлық жұмыс орны болып есептеледі.

Мемлекеттік мекеменің өзге де оқшауланған құрылымдық бөлімшесі заңдарда тікелей көзделген жағдайларда құрылады.

5. Қоғамдық бірлестіктердің құрылымдық бөлімшелерінің (филиалдары мен өкілдіктерінің) басшылары қоғамдық бірлестіктің жарғысында және оның филиалы немесе өкілдігі туралы ережеде көзделген тәртіппен сайланады.

Діни бірлестіктердің құрылымдық бөлімшелерінің (филиалдары мен өкілдіктерінің) басшылары діни бірлестіктің жарғысында және оның филиалы немесе өкілдігі туралы ережеде көзделген тәртіппен сайланады не тағайындалады.

Өзге нысандағы заңды тұлғалардың филиалдары мен өкілдіктерінің басшыларын заңды тұлғаның уәкілетті органы тағайындайды және олар соның сенімхаты негізінде әрекет етеді.

9) 44-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Егер заңды тұлғаның әдейі банкроттығы оның құрылтайшысының (қатысушысының) және (немесе) лауазымды адамның әрекетінен (әрекетсіздігінен) туындаған болса, заңды тұлғаның қаражаты жеткіліксіз болған кезде құрылтайшы (қатысушы) және (немесе) лауазымды адам кредиторлар алдында субсидиарлық жауаптылықта болады.

Егер заңды тұлғаның жалған банкроттығы оның құрылтайшысының (қатысушысының) және (немесе) лауазымды адамның әрекетінен (әрекетсіздігінен) туындаған болса, заңды тұлғаның қаражаты жеткіліксіз болған кезде құрылтайшы (қатысушы) және (немесе) лауазымды адам жалған банкроттықтың нәтижесінде кредиторға келтірілген залал үшін субсидиарлық жауаптылықта болады.»;

10) 59-баптың 2-тармағының үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Тарапы жеке тұлға болып табылатын шаруашылық серіктестіктің шығатын қатысушысының серіктестік мүлкіндегі (жарғылық капиталындағы) үлесіне немесе оның бір бөлігіне құқығын иеліктен шығару (басқаға беру) шартын нотариат куәландыруға жатады.»;

11) 61-баптың 1-тармағының 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«3) таза табысты бөлісуге қатысуға құқығы бар. Құрылтай құжаттарының бір немесе бірнеше қатысушыны таза табысты бөлісуге қатысудан шеттетуді көздейтін

талаптары мәнiссiз болып табылады.»;

12) 70-баптың 6-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«6. Толық серiктестiктiң мiндеттемелерi бойынша өздерiнiң жауаптылығының осы бапта көзделген тәртiбiн өзгертетiн қатысушылардың келiсiмдерi мәнiссiз болып табылады.»;

13) 73-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Коммандиттiк серiктестiк салымшысының:

1) серiктестiктiң таза табысының жарғылық капиталдағы үлесiне тиесiлi бөлiгiн құрылтай құжаттарында көзделген тәртiппен алуға;

2) серiктестiктiң қаржылық есептiлiгiмен танысуға, сондай-ақ оның дұрыс жасалуын тексеру мүмкiндiгiн қамтамасыз етудi талап етуге; 3) жарғылық капиталдағы өз үлесiн немесе оның бiр бөлiгiн Қазақстан Республикасының заңнамалық актiлерiнде және серiктестiктiң құрылтай құжаттарында көзделген тәртiппен басқа салымшыға немесе үшiншi тұлғаға беруге құқығы бар. Салымшының өзiнiң бүкiл үлесiн өзге тұлғаға беруi оның серiктестiкке қатысуын тоқтатады;

4) Қазақстан Республикасының заңнамалық актiлерiнде және құрылтай құжаттарында көзделген тәртiппен серiктестiктен шығуға құқығы бар.

Коммандиттiк серiктестiктiң құрылтай құжаттарында салымшының өзге де құқықтары көзделуi мүмкiн.

Коммандиттiк серiктестiктiң салымшылары үшiн осы Кодексте және Қазақстан Республикасының басқа да заңнамалық актiлерiнде көзделген құқықтардан бас тарту немесе оларды шектеу, соның iшiнде салымшылары мен толық серiктердiң келiсуi бойынша шектеу мәнiссiз болады.»;

14) 94-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Органдары қабылдайтын шешiмдердi жарғылық капиталға қатысудың басым үлесiнiң болуы не олардың арасында жасалған шарттың негiзiнде не өзгеше түрде басқа заңды тұлға (бұдан әрi - негiзгi ұйым) айқындайтын заңды тұлға еншiлес ұйым болып табылады.»;

15) 95-бап мынадай мазмұндағы 5-тармақпен толықтырылсын:

«5. Басым (қатысушы) заңды тұлға заңнамалық актiлерде көзделген тәртiппен акционерлiк қоғамның дауыс беретiн акцияларының жиырма пайызынан астамын сатып алуы туралы ақпаратты жариялауға мiндеттi.»;

16) 99-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Өндiрiстiк кооперативтiң жоғары органы оның мүшелерiнiң жалпы жиналысы болып табылады.»

Өндiрiстiк кооперативке кооперативтiң атқарушы органының қызметiне бақылау жасауды жүзеге асыратын байқаушы кеңесi құрылуы мүмкiн. Байқаушы кеңестiң мүшелерi өндiрiстiк кооператив атынан әрекет жасауға құқылы емес.

Кооператив басқармасы және төрағасы кооперативтiң атқарушы органы болып

табылады. Атқарушы орган кооператив қызметіне ағымдағы басшылықты жүзеге асырады және байқаушы кеңес пен кооператив мүшелерінің жалпы жиналысына есеп б е р е д і .

Тек кооператив мүшелері ғана байқаушы кеңес пен өндірістік кооператив басқармасының мүшесі бола алады. Кооператив мүшесі бір мезгілде байқаушы кеңестің мүшесі және басқарма мүшесі (кооператив төрағасы) бола алмайды.»;

17) 116-баптың 2, 3-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Иеліктен шығаруға жол берілмейтін мүліктің түрлері (айналымнан алып тасталған) заңнамалық актілерде тікелей көрсетілуге тиіс.

3. Айналымның белгілі бір қатысушыларына ғана тиесілі болуы мүмкін не иеліктен алып тасталуына арнайы рұқсат бойынша (айналым қабілеті шектеулі) жол берілетін мүліктің түрлері заңнамада айқындалады.»;

18) 141-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Мүліктік емес жеке құқықтары бұзылған жеке тұлғаның осы Кодекстің қағидалары бойынша моральдық зиянын өтетуге құқығы бар.»;

19) 153-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Мәміленің жай жазбаша нысанын сақтамау дау болған жағдайда тараптарды мәміленің жасалғанын, мазмұнын немесе орындалуын куәгерлік айғақтармен растау құқығынан айырады. Алайда, тараптар мәміленің жасалғанын, мазмұнын немесе орындалғанын жазбаша немесе өзге, куәгерлік айғақтардан басқа дәлелдермен де р а с т а у ғ а қ ұ қ ы л ы .

2. Заңнамалық актілерде немесе тараптардың келісімінде тікелей көрсетілген жағдайларда мәміленің жай жазбаша нысаны сақталмаған кезде мәміле мәніссіз болып е с е п т е л е д і .

3. Жай жазбаша нысан сақталмаған кезде сыртқы экономикалық мәміле мәніссіз б о л ы п е с е п т е л е д і . » ;

20) 154-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде немесе тараптардың келісімінде белгіленген жағдайларда, жазбаша мәмілелер оларды нотариат куәландырғаннан кейін ғана жасалды деп есептеледі.

Нотариаттық куәландыру туралы тараптарды сақтамау осы Кодекстің 157-1-бабының 2-тармағында көзделген салдармен мәміленің мәніссіздігіне әкеп соғады.»;

21) 157-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«157-бап. Дауланатын және мәніссіз мәмілелер

1. Мәміле осы Кодексте көзделген жағдайларды қоспағанда, сот оны осындай деп (дауланатын мәміле) танығанына орай осы Кодексте не Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерінде белгіленген негіздер бойынша не осылай танылуына карамастан, Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде тікелей көзделген жағдайларда жарамсыз (мәніссіз мәміле) болады.

Егер оның мәніссіздігі Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерінде көзделмесе, жарамсыз мәміле даулы болып есептеледі.

2. Мүдделі тұлға, тиісті мемлекеттік орган не прокурор дауланатын мәмілені жарамсыз деп тану туралы талап қоюы мүмкін.

Көрсетілген мәмілені жасау нәтижесінде құқықтары мен заңды мүдделері бұзылған немесе бұзылуы мүмкін тұлға, оның ішінде мұндай мәміле өзін қолайсыз салдарға әкеп соқтырған тұлға мүдделі тұлға болып табылады.

3. Мүдделі тұлға, тиісті мемлекеттік орган не прокурор мәніссіз мәміленің жарамсыздығы салдарын қолдану туралы талап қоюға құқылы.

4. Егер мәміленің жарамсыздығына сілтеме жасайтын тұлға жосықсыз әрекет етсе, оның ішінде, егер мәміле жасалғаннан кейін оның мінез-құлқы басқа тұлғаларға мәміленің жарамсыздылығына сенуге негіз берсе, сот мәміленің жарамсыздығы туралы талапты қанағаттандырудан бас тартуы мүмкін.

5. Бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығында жасалған мәмілелерді дауланатын немесе мәніссіз деп танудың тәртібі мен негіздері Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығы туралы заңнамалық актілерінде белгіленеді.

»

;

22) мынадай мазмұндағы 157-1-баппен толықтырылсын:
«157-1-бап. Мәміленің жарамсыздығының салдары туралы жалпы е р е ж е л е р

1. Жарамсыздығына байланысты және жасалған кезінен бастап жарамсыз болған мәмілелерді қоспағанда, егер осы Кодексте, Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде өзгеше көзделмесе немесе мәміленің мәнінен немесе мазмұнынан өзгеше туындамаса, жарамсыз мәміле заңдық салдарға әкеп соқпайды.

Дауланып отырған мәміле жарамсыздығының негіздері туралы білген немесе білуге тиіс болған адам мәміле жарамсыз деп танылғаннан кейін адал әрекет етті деп е с е п т е л м е й д і .

2. Егер мәміле жарамсыздығының өзге де салдары осы Кодексте немесе Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделмесе, мәміле жарамсыз болған кезде тараптардың әрқайсысы екінші тарапқа мәміле бойынша алынғанның барлығын қайтарып беруге, ал заттай қайтарып беру мүмкін болмағанда (оның ішінде, алынғандар мүлікті пайдалану, орындалған жұмыс немесе көрсетілген қызмет түрінде болғанда) - қайтарылуға тиіс мүліктің құнын, мүлікті пайдаланудың, орындалған жұмыстардың немесе көрсетілген қызметтердің құнын ақшалай түрде өтеуге міндетті.

3. Сот мәміленің жарамсыздығын тудырған әрекеттерді жасауға кінәлі тараптан адал әрекет еткен екінші тараптың пайдасына мәмілені жарамсыз деп тануға байланысты соңғысынан шеккен залалды өндіріп алуы мүмкін.

4. Егер мәміленің құқыққа қайшылығы сот үкімімен (қаулысымен) белгіленіп, қылмыстық мақсатқа жетуге бағытталса, онда екі тараптың да теріс пиғылы болған

кезде олардың мәміле бойынша алғандарының немесе алуға арналғандардың барлығы соттың шешімі немесе үкімі бойынша тәркіленуге тиіс. Мұндай мәмілені бір тарап орындаған жағдайда, екінші тараптан алғандардың барлығы және одан мәміле бойынша бірінші тарапқа тиесілінің барлығы тәркіленуге тиіс. Егер тараптардың бірде-бірі орындауға кіріспеген болса, мәміледе орындалуға көзделгеннің барлығы тәркіленуге тиіс.

5. Құқыққа қайшылығы сот үкімімен (қаулысымен) белгіленіп, қылмыстық мақсатқа жетуге бағытталған теріс пиғыл, тараптардың бірінде ғана болған жағдайда оның мәміле бойынша алғандарының барлығы екінші тарапқа қайтарылуға тиіс, ал соңғысының алғаны не оған мәміле бойынша тиесілісі тәркіленуге тиіс.

6. Нақты мән-жайларды ескере отырып, сот осы баптың 4 және 5-тармақтарында көзделген салдарды, жарамсыз мәміле бойынша алынған не алынуға тиіс мүлікті тәркілеуге қатысты бөлігінде ішінара не толық қолданбауға құқылы. Бұл бөлікте осы баптың 2-тармағында көзделген салдар болады.

7. Мәмілені жарамсыз деп тани отырып, сот нақты мән-жайларды ескере отырып, оны одан әрі орындауға тыйым салумен шектелуге құқылы.

8. Сот, егер осы бапта көзделген мәміленің жарамсыздығының салдарын қолдану құқықтық тәртіп немесе адамгершілік негіздеріне қайшы келетін болса, оларды қолданбауға құқылы.» ;

23) 158-бап мынадай редакцияда жазылсын:
«158-бап. Мазмұны Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келмейтін мәміленің жарамсыздығы

1. Мазмұны Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келмейтін мәміле, сондай-ақ құқықтық тәртіп немесе адамгершілік негіздеріне көрінеу қайшы келетін мақсатпен жасалған мәміле, егер осы Кодексте және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерінде өзгеше көзделмесе, дауланып отырған мәміле болып табылады және сот оны жарамсыз деп тануы мүмкін.

Құқыққа қайшылығы сот үкімімен (қаулысымен) белгіленген, қылмыстық мақсатқа жетуге бағытталған мәміле мәніссіз болады.

2. Қазақстан Республикасы заңнама талаптарының, заңды тұлға жарғысының талаптарын не оның органдарының құзыретін бұзатын мәмілені қасақана жасасқан адам, егер мұндай талап пайдакүнемдік уәждерден немесе жауаптылықтан жалтару ниетінен туындаса, мәмілені жарамсыз деп тануды талап етуге құқылы емес.

3. Егер мәмілеге қатысушылардың бірі оны міндеттемесін орындаудан немесе үшінші тұлға не мемлекет алдындағы жауаптылықтан жалтару ниетімен жасасқан жағдайда, ал мәміленің басқа қатысушысы бұл ниет туралы білген болса немесе білуге тиіс болса, мүдделі тұлға (мемлекет) мәмілені жарамсыз деп тануды талап етуге құқылы.» ;

24) 159-баптың 1, 2, 3, 5, 11-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Қажетті рұқсатты алмай не рұқсаттың қолдану мерзімі аяқталғаннан кейін
мәміле мәніссіз болады.

2. Жосықсыз бәсеке мақсатын көздейтін немесе іскерлік әдеп талаптарын бұзатын
мәмілені сот жарамсыз деп тану мүмкін.

3. Осы Кодекстің 23-бабында көзделген мәмілелерден басқа, он төрт жасқа
толмаған адам (жас балалар) жасасқан мәміле мәніссіз болады.»;

«5. Есуастық немесе ақыл-есі кем болуы салдарынан әрекет қабілеттігі жоқ деп
танылған адам жасасқан мәміле мәніссіз болады. Кейіннен әрекет қабілеттілігі жоқ деп
танылған азамат жасасқан мәміле (осы Кодекстің 26-бабы), егер мәмілені жасау кезінің
өзінде-ақ бұл азаматтың психикалық шатасу жағдайында болғаны дәлелденсе,
дауланып отырған мәміле болып табылады және оның қорғаншысының талап-арызы
бойынша сот мәмілені мәніссіз деп тануы мүмкін.»;

«11. Заңды тұлғаның осы Кодексте, Қазақстан Республикасының өзге де
заңнамалық актілерінде немесе құрылтай құжаттарында нақты шектелген қызмет
мақсаттарына қайшы келетін етіп жасасқан, не оның органының жарғылық құзыретін
бұза отырып жасасқан мәмілесі, егер мәміледегі басқа тараптың мұндай бұзушылықтар
туралы білгені немесе білуге тиіс болғаны дәлелденсе, заңды тұлғаның немесе оның
құрылтайшысының (қатысушысының) мүлік иесінің талап-арызы бойынша жарамсыз
деп танылуы мүмкін.»;

25) 160-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Жалған мәміле, яғни оған заңдық салдар туғызу ниетін көздемей, тек, алдау
үшін жасалған мәміле мәніссіз болады.»;

26) 168-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Берілген күні көрсетілмеген сенімхат мәніссіз болады.»;

27) 170-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Сенімхатты берген адам сенімхаттың немесе сенім ауысуының күшін кез келген
уақытта жоя алады, ал сенімхат берілген адам одан бас тарта алады. Бұл құқықтан бас
тарту туралы келісім мәніссіз болады.»;

28) 2-бөлімнің тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«2 - бөлім. Заттық құқықтар»

29) 8-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«8 - тарау. Меншік құқығы»;

30) 193-1-баптың 5-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Егер стратегиялық объектіге үшінші тұлғалардың құқықтарымен ауыртпалық
салу не оны иеліктен шығару кезінде осы баптың 3 және 4-тармақтарындағы талаптар
бұзылса, мұндай мәмілелер мәніссіз болады.»;

31) 194-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«194-бап. Тұрғынжайға меншік құқығы

Тұрғынжайға меншік құқығын жүзеге асыру ерекшеліктері тұрғын үй заңнамасында

реттеледі.» ;

32) мынадай мазмұндағы 8-1-тараумен толықтырылсын:
«8-1-тарау. Өзге де заттық құқықтар
195-бап. Меншік иесі болып табылмайтын адамдардың заттық
құқықтары

1. Меншік құқығымен қатар заттық құқықтарға:
 - 1) жерді пайдалану құқығы;
 - 2) шаруашылық жүргізу құқығы;
 - 3) оралымды басқару құқығы;

3-1) бөтеннің жылжымайтын мүлкін шектеулі түрде нысаналы пайдалану құқығы (сервитут) ;

4) осы Кодексте немесе өзге заң актілерінде көзделген басқа да заттық құқықтар.

2. Заттық құқықтарға, егер заңдарда өзгеше көзделмесе немесе осы заттық құқықтың табиғатына қайшы келмесе, меншік құқығы туралы нормалар қолданылады.

3. Егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде өзгеше көзделмесе, мүлікке меншік құқығының басқа тұлғаға ауысуы осы мүлікке басқа да заттық құқықты тоқтату үшін негіз болып табылмайды.

195-1-бап. Тұрғынжайға өзге де заттық құқықтар

Тұрғынжайға өзге де заттық құқықтарды жүзеге асыру ерекшеліктері тұрғын үй заңнамасында реттеледі.» ;

33) 218-баптың 6-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«6. Осы баптың 3-4-тармақтарында жазылған қағидалар бойынша ортақ мүлікті бөлу немесе одан үлесті бөліп шығару мүмкін болмаған кезде, сот мүлікті жария саудаға салып сатудан түскен соманы кейін ортақ меншікке қатысушылар арасында олардың үлестеріне сәйкес бөліп беру туралы шешім қабылдайды.

Даулы мүліктің бастапқы сату құны бағалау қызметі туралы заңнамаға сәйкес жүргізілген тәуелсіз бағалаумен айқындалады.»;

3 4) 2 3 6 - б а п т а :

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Жаңадан құрылған жылжымайтын мүлікке меншік құқығы мемлекеттік тіркеу кезінен туындайды.» ;

3 - тармақ алып тасталсын ;

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Жаңадан құрылған жылжымайтын мүлікке құқықты мемлекеттік тіркеу кезіне дейін мүлікке жылжымайтын мүлік жасалған материалдарға және басқа мүлікке меншік құқығы туралы қағидалар қолданылады.»;

35) 240-бап мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

«Егер мүлік иесі мүлікті құқыққа сай әрекеттері (әрекетсіздігі) нәтижесінде иеленіп алғандығын дәлелдесе, ол адал деп саналады.»;

36) 249-баптың 2-тармағы мынадай мазмұндағы 8) тармақшамен толықтырылсын:

«8) осы Кодекстің 218-бабының 3-4-тармақтарында жазылған қағидалар бойынша ортақ мүлікті бөлу не одан үлесті бөліп шығару мүмкін болмаған жағдайда соттың шешімі бойынша жария саудада мүлікті сатқан реттер кірмейді»;

37) 250-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«250-бап. Меншік құқығынан бас тарту

Азамат немесе заңды тұлға өзіне тиесілі мүлікке меншік құқығынан бас тарта алады, бұл жөнінде ол ауызша немесе жазбаша нысанда жариялайды не бұл мүлікке қандай да болсын құқықтарын сақтау ниетінсіз өзінің мүлікті иеленуден, пайдаланудан және оған билік етуден шеттейтінін айқын куәландыратын басқа әрекеттер (әрекетсіздік) ж а с а й д ы .

Меншік құқығынан бас тарту құқыққа сыйымды, ерікті болуға және онда меншік иесінің мүлікті иеленуден, пайдаланудан, оған билік етуден бас тартатыны көрсетілуге т и і с .

Меншік құқығынан бас тарту меншік иесінің ниет білдіруі болып табылады. Заңда белгіленген тәртіппен иеліктен айыру жағдайларын қоспағанда, мемлекет және оның органдарының меншік құқығынан бас тартуға құқығы жоқ.

Меншік құқығынан бас тарту осы мүлікке басқа тұлға меншік құқығын иеленген кезге дейін тиісті мүлікке қатысты меншік иесінің құқықтары мен міндеттерін т о қ т а т у ғ а ә к е п с о қ п а й д ы . » ;

38) 251-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Меншік иесінің міндеттемелері бойынша мүліктен ақы өндіріп алу, егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде немесе шартта өзгеше көзделмесе, , с о т т ә р т і б і м е н жү р г і з і л е д і . » ;

39) 271-бап мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

«Шарттан тыс міндеттемелерге (зиян келтіру немесе негізсіз баю салдарынан) егер осы Кодекстің 47 және 48-тарауларында өзгеше көзделмесе, міндеттемелер туралы жалпы е р е ж е л е р қ о л д а н ы л а д ы . » ;

40) 282-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Ақшалай міндеттемені орындау үшін жеткіліксіз төленген төлемнің сомасы тараптардың өзге келісімі болмаған жағдайда ең алдымен кредитордың орындауды алу жөніндегі негізгі борыш және сыйақы (мүдде) бойынша берешегін, ағымдағы кезең үшін негізгі борыш пен сыйақыны (мүддені), ал қалған бөлігінде - айыпақысы мен ш ы ғ ы н д а р ы н ө т е й д і . » ;

41) 284-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«284-бап. Өзара міндеттердің орындалуы

1. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасынан, шарттан, іскерлік қызмет өрісінен, міндеттеме шарттарынан немесе оның мәнінен өзгеше туындамайтын болса, тараптар өзара міндеттерді бір мезгілде орындауға тиіс.

2. Тараптардың бірі міндеттемені орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда, екінші тарап өз міндеттемесін орындауды тоқтата тұруға міндеттемесін орындаудан бас тартуға және залалды өтеуін талап етуге құқылы.»;

42) 294-баптың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:
«Жазбаша нысанның сақталмауы тұрақсыздық төлемі туралы келісімнің мәніссіз болуына әкеп соғады.»;

43) 297-бап мынадай редакцияда жазылсын:
«297-бап. Тұрақсыздық айыбы мөлшерін азайту Егер төленуге тиісті тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл) кредитордың шеккен залалдарымен салыстырғанда тым көп болса, сот борышкердің талабы бойынша борышкердің міндеттемені орындау дәрежесін және борышкер мен кредитордың назар аударуға лайықты мүдделерін ескере отырып, тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) азайтуға құқылы.»;

44) 307-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:
«3. Осы баптың 1 және 2-тармақтарындағы қағидаларды сақтамау кепіл туралы шарттың мәніссіз болуына әкеп соғады.»;

45) 308-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:
«2. Кепіл нысанасының өзгеруі, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген жағдайларда басқа да өзгерістер тіркелуге жатады. Міндетті тіркеуге жатпайтын кепілдің өзгеруі қатысушылардың қалауы бойынша тіркелуі мүмкін.»;

46) 315-баптың 2-тармағының екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:
«Кепіл берушінің кепілге салынған мүлікті өсиет етіп қалдыру құқығын шектейтін келісімі мәніссіз болады.»;

47) 319-баптың 7-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:
«7. Борышкер мен үшінші тұлға болып табылатын кепіл беруші (заттай кепілгер) кепілге салынған зат сатылғанға дейінгі кез келген уақытта одан ақы өндіріп алуды және оны сатуды кепілмен қамтамасыз етілген міндеттемені немесе оның орындалу мерзімі өтіп кеткен бөлігін орындап, тоқтатуға құқылы. Бұл құқықты шектейтін келісім мәніссіз болады.»;

48) 331-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:
«2. Кепілдік немесе кепіл болушылық шарттары жазбаша нысанда жасалуға тиіс. Жазбаша нысанның сақталмауы кепілдік немесе кепіл болушылық шартының мәніссіз болуына әкеп соғады.»;

49) 336-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:
«1. Кепілдік және кепіл болушылық өздері қамтамасыз еткен міндеттеменің тоқтатылуымен бірге, егер шартта кепілдікті тоқтатудың өзге де жағдайлары көзделмесе, сондай-ақ осы міндеттеме кепілдік беруші мен кепіл болушының жауапкершілігін соңғылардың келісімінсіз арттыруға немесе өзге де қолайсыз салдарға

әкеліп соқтыратындай өзгерген жағдайда, тоқтатылады.»;

50) 337-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Кепілпұл туралы келісім кепілпұлдың сомасына қарамастан жазбаша нысанда жасалуға тиіс. Бұл қағида негізгі міндеттеме нотариат арқылы куәландырылуға тиіс болатын жағдайда да қолданылады. Жазбаша нысанның сақталмауы кепілпұл туралы келісімнің мәніссіз болуына әкеп соғады.»;

51) 338-1-бап 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Ұстап қалу заңнамалық актілерде немесе шартта көзделген жағдайларда ғана б о л у ы м ү м к і н . » ;

52) 350-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Міндеттеменің бұзылуынан туындаған залалдың орнын толтырудан борышкерді босату жөніндегі тараптардың міндеттеме бұзылғанға дейін қабылдаған келісімі мәніссіз болады, алайда, тараптар өзара келісім бойынша мүліктегі нақты келтірілген зиянды ғана өндіріп алуды көздеуі мүмкін.»;

53) 351-баптың 1-тармағында:

екінші бөлігі мынадай редакцияда жасалсын:

«Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде немесе шартта залал толық сомасында тұрақсыздық айыбынан тыс өндіріп алынуы мүмкін; кредитордың таңдауы бойынша не тұрақсыздық айыбы, не шығын өндіріп алынуы мүмкін болатын жағдайлар к ө з д е л у і м ү м к і н . » ;

мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

«Міндеттеменің орындалмағаны немесе тиісінше орындалмағаны үшін тұрақсыздық айыбы ғана белгіленуі мүмкін болған жағдайлар «Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде айқындалады.»;

54) 358-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Егер міндеттемелердің осы түрі немесе осындай құқық бұзушылық үшін жауапкершілік мөлшері Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалса, қосылу шарты бойынша немесе тұтынушы ретіндегі азамат кредитор болып табылатын өзге шарт бойынша борышкердің жауапкершілік мөлшерін шектеу жөніндегі келісім м ә н і с с і з б о л а д ы . » ;

55) 359-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Міндеттемені қасақана бұзғаны үшін жауапкершілікті жою немесе шектеу туралы алдын ала жасалған шарт мәніссіз болады.»;

56) 379-баптың 2-тармағы мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

«Егер шарттардың жекелеген түрлері туралы қағидаларында өзгеше көзделмесе, шарттық міндеттемелерге жалпы ережелер қолданылады.»;

57) 387-баптың 1, 3, 5-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Кәсіпкерлік қызметі жүзеге асыратын тұлғамен жасалған және мұндай тұлға өз қызметінің сипатына қарай оған өтінішпен келетін әркімге қатысты жүзеге асырылуға

тиіс тауарларды сату, жұмыстарды орындау немесе қызмет көрсету (бөлшек сауда, көпшілік пайдаланатын көлікпен тасымалдау, байланыс қызметі, энергиямен жабдықтау, медицина, қонақүй қызметін көрсету және т.б.) жөніндегі оның міндеттемелерін белгілейтін шарт жария шарт деп танылады.

Кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын тұлғаның Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайлардан басқа, жария шарт жасасуға қатысты бір тұлғаға басқалардың алдында артықшылық көрсетуге құқығы жоқ.»;

«3. Тұтынушыға тиісті тауарлар (жұмыстар, көрсетілетін қызметтер) ұсыну мүмкіншілігі бола тұра кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын тұлғаның жария шарт жасасудан бас тартуына жол берілмейді.

Кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын тұлға жария шарт жасасудан негізсіз жалтарған кезде осы Кодекстің 399-бабының 4-тармағында көзделген ережелер қолданылады.»;

«5. Жария шарттың осы баптың 2 және 4-тармақтарында белгіленген талаптарына сәйкес келмейтін ережелері мәнсіз болып табылады.»;

58) 390-баптың 2, 5-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Алдын ала жасалатын шарт негізгі шарт үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген нысанда, ал егер негізгі шарт нысаны белгіленбесе, жазбаша нысанда жасалады. Алдын ала жасалатын шарт нысаны туралы қағидалардың сақталмауы оның мәнсіз болып қалуына әкеп соғады.»;

«5. Алдын ала шарт жасасқан тарап өзі көздеген шартты жасасудан жалтарған жағдайларда, егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде немесе шартта өзгеше көзделмесе, осы арқылы келтірілген залалды, оның ішінде осы Кодекстің 338-бабының 2-тармағын ескере отырып, екінші тарапқа өтеуге міндетті.

Сот мұндай міндеттілік алдын ала жасалатын шартта көзделген жағдайда, тарапты негізгі шартты жасасуға мәжбүр етуге құқылы. Тараптарды негізгі шартты жасасуға мәжбүр ету оны залалдарды өтеуден босатпайды.».

2. 1999 жылғы 1 шілдедегі Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне (Ерекше бөлім) (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., № 16-17, 642-құжат; № 23, 929-құжат; 2000 ж., № 3-4, 66-құжат; № 10, 244-құжат; № 22, 408-құжат; 2001 ж., № 23, 309-құжат; № 24, 338-құжат; 2002 ж., № 10, 102-құжат; 2003 ж., № 1-2, 7-құжат; № 4, 25-құжат; № 11, 56-құжат; № 14, 103-құжат; № 15, 138, 139-құжаттар; 2004 ж., № 3-4, 16-құжат; № 5, 25-құжат; № 6, 42-құжат; № 16, 91-құжат; № 23, 142-құжат; 2005 ж., № 21-22, 87-құжат; № 23, 104-құжат; 2006 ж., № 4, 24, 25-құжаттар; № 8, 45-құжат; № 11, 55-құжат; № 13, 85-құжат; 2007 ж., № 3, 21-құжат; № 4, 28-құжат; № 5-6, 37-құжат; № 8, 52-құжат; № 9, 67-құжат; № 12, 88-құжат; 2009 ж., № 2-3, 16-құжат; № 9-10, 48-құжат; № 17, 81-құжат; № 19, 88-құжат; № 24, 134-құжат; 2010 ж., № 3-4, 12-құжат; № 5, 23-құжат; № 7, 28-құжат; № 15, 71-құжат; № 17-18, 112-құжат; 2011 ж., № 3, 32-құжат; № 5, 43-құжат; № 6, 50, 53-құжаттар; № 16, 129-құжат;

№ 24, 196-құжат; 2012 ж., № 2, 13, 14, 15-құжаттар; № 8, 64-құжат; № 10, 77-құжат; № 12, 85-құжат; № 13, 91-құжат; № 14, 92-құжат; № 20, 121-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2013 ж., № 4, 21-құжат; № 10-11, 56-құжат; № 15, 82-құжат; 2014 ж., № 1, 9-құжат; № 4-5, 24-құжат; № 11, 61, 69-құжаттар; № 14, 84-құжат; № 19-II, 96-құжат; № 21, 122-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 жылғы 10 сәуірде «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне зияткерлік меншік саласын құқықтық реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2015 жылғы 7 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы; 2015 жылғы 24 сәуірде «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттің кәсіпкерлік қызметке қатысуын шектеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2015 жылғы 22 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы; 2015 жылғы 27 сәуірде «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сақтандыру және исламдық қаржыландыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2015 жылғы 27 сәуірдегі Қазақстан Р е с п у б л и к а с ы н ы ң Заңы):

1) мынадай мазмұндағы 407-1-баппен толықтырылсын:

«407-1-бап. Сатып алушыға тауар туралы ақпарат беру

1. Сатушы сатып алушыға сатуға ұсынылатын тауар туралы қажетті және дұрыс ақпарат беруге міндетті. Бұл ақпарат Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген талаптарға не егер шартта өзгеше көзделмесе, іскерлік айналым дәстүрлерінен туындайтын талаптарға сәйкес келуге тиіс.

2. Сатып алушы шарт жасалғанға дейін, егер бұған тауардың сипатына қарай тыйым салынбаса және саудада қабылданған қағидаларға қайшы келмесе, тауарды көруге, өзінің қатысуымен тауардың қасиеттеріне тексеру жүргізуді немесе оның пайдаланылуын көрсетуді талап етуге құқылы.

3. Сатып алушыға тауар туралы тиісті ақпарат алуға мүмкіндік бермеген сатушы, оны сатып алушыға бергеннен кейін пайда болған, оған қатысты сатып алушы өзінде ақпараттың болмауына байланысты олардың пайда болғанын дәлелдесе, тауардың сол кемшіліктері үшін жауап береді.»;

2) 414-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Үшінші тұлғалардың сатып алушыдан сатып алған тауарын талап еткен жағдайда тараптардың сатушыны жауапкершіліктен босату немесе жауапкершілігін шектеу туралы келісімі мәніссіз болады.»;

3) 428-баптың 1-тармағының екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Шарттың сатып алушының осы тармақта көзделген құқықтардан бас тартуы туралы талаптары мәніссіз болады.»;

4) 429-баптың 1-тармағының екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Сатушы сатылған тауардың кемшіліктері үшін олар жөнінде өзі білмеген кезде де жауап береді. Сатушыны жауапкершіліктен босату туралы немесе оны шектеу туралы келісім мәнiссiз болады.»;

5) 431-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Сатушы сатып алушыға тауарды шарттың талаптарына сәйкес жиынтықта беруге мiндеттi.»;

6) 448-бап алып тасталсын;

7) 506-бапта:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Сыйға тарту шарты бойынша бiр тарап (сыйға тартушы) басқа тараптың (сыйды алушының) меншiгiне затты не өзiне немесе үшiншi тұлғаға мүлiктiк құқықты (талапты) тегiн бередi немесе беруге мiндеттенедi не оны үшiншi тұлғаның алдындағы мүлiктiк мiндеттен босатады немесе босатуға мiндеттенедi.

Затты немесе құқықты қарсы беру не қарсы мiндеттеме болған кезде сыйға тарту шарты мәнiссiз болып есептеледi. Мұндай шартқа осы Кодекстiң 160-бабының 2-тармағында көзделген қағидалар қолданылады.»;

2-тармақтың екiншi бөлiгi мынадай редакцияда жазылсын:

«Нақты сыйға тарту затын зат, құқық түрiнде көрсетпей-ақ, өзiнiң барлық мүлкiн немесе өзiнiң барлық мүлкiнiң бiр бөлiгiн сыйға тартуға уәде беру немесе мiндеттемеден босату мәнiссiз болады.»;

3-тармақтың бiрiншi бөлiгi мынадай редакцияда жазылсын:

«Мұндай сыйға тарту түрiне осы Кодекстiң мұрагерлiк туралы қағидалары қолданылады.»;

8) 508-баптың 2-тармағында:

бiрiншi бөлiктiң 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) заңды тұлға сый берушi болатын және сыйдың құны Қазақстан Республикасының заңнамалық актiлерiнде белгiленген он айлық есептiк көрсеткiштен асатын»;

екiншi бөлiк мынадай редакцияда жазылсын:

«Осы тармақта көзделген жағдайларда ауызша жасалған сыйға тарту шарты мәнiссiз болады.»;

9) 510-баптың 5-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Өкiлдiң сыйға тартуға жасаған сенiмхатында сый алушы аталмаса және сыйға тартатын заты керсетiлмесе, ол мәнiссiз болады.»;

10) 512-баптың 5-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Сыйға тартудың күшi жойылған жағдайда, егер сыйланған зат сыйға тартудың күшiн жою туралы хабарлама келiп түскен кезге қарай сол күйiнде сақталса, сый алушы оны қайтаруға не сыйланған затты иелiктен айырған жағдайда оның құнын сыйға тартудың күшiн жою туралы хабарлама келiп түскеннен кейiн нарықтық бағалар

б о й ы н ш а ө т е у г е м і н д е т т і . » ;

11) 28-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:
« 2 8 - т а р а у . Р е н т а » ;

12) 518-бап мынадай редакцияда жазылсын:
«Рента шарты нотариатта куәландырылуға жатады.

Жылжымайтын мүлікке қатысты рента шарты да мемлекеттік тіркелуге жатады.
Рента шартының нысанын сақтамау оның мәніссіз болуына әкеп соғады.»;

13) 519-бап мынадай редакцияда жазылсын:
«519-бап. Рента төлеу үшін мүлікті иеліктен айыру

1. Рента төлеу үшін иеліктен айырылатын мүлікті рента алушы рента төлеушінің
меншігіне а қ ы т ө л е т і п б е р у і м ү м к і н .

2. Рента шартында мүлікті ақы төлетіп беру көзделген жағдайларда, егер осы
тараудың қағидаларында өзгеше белгіленбесе және шарттың мәніне қайшы келмесе,
тараптардың беру және төлеу жөніндегі қатынастарына сатып алу-сату шарты туралы
қағидалар (осы Кодекстің 25-тарауы) қолданылады.»;

14) мынадай мазмұндағы 521-1-баппен толықтырылсын:
«521-1-бап. Рента шартын рента алушының талап етуі бойынша бұзу

1. Төлеуші шарттың талаптарын елеулі түре бұзған жағдайда рента алушы рента
төлеушіден осы Кодекстің 528-бабында көзделген талаптармен рентаны сатып алуды
н е ш а р т т ы б ұ з у д ы т а л а п е т у г е к ұ қ ы л ы .

Егер рента төлеуші рента алушының өміріне қастандық жасаса не қасақана дене
жарақатын салса, рента алушы шартты бұзуды және шығындарды өтеуді талап етуге
құқылы. Рента төлеуші рента алушыны қасақана өлтірген жағдайда шарттың бұзылуын
және шығынның өтелуін талап ету құқығы рента алушының мұрагерлеріне тиесілі
б о л а д ы .

2. Егер рента төлеу үшін пәтер, тұрғын үй немесе өзге де мүлік иеліктен
шығарылған болса, рента төлеуші шарттың талаптарын елеулі түрде бұзған кезде рента
алушы оның құнын рентаның сатып алу бағасының есебіне жатқыза отырып, осы
мүлікті қ ай т а р у д ы т а л а п е т у г е к ұ қ ы л ы . » ;

15) 526-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Шарттың тұрақты рента төлеушінің оны сатып алу құқығынан бас тарту туралы
т а л а б ы м ә н і с с і з б о л а д ы . » ;

16) 528-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Шартта рента төлемін төлеуге берілген мүліктің сатып алу бағасы туралы талап
болмаған кезде сатып алу бағасына рента төлемдерінің жылдық сомасымен қатар
берілген м ү л і к т і ң б а ғ а с ы д а қ о с ы л а д ы . » ;

17) 529-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Тұрақты рента төлемі үшін берілген мүліктің кездейсоқ жойылу немесе
кездейсоқ б ұ л і н у қ а у п і н р е н т а т ө л е у ш і м о й н ы н а а л а д ы . » ;

18) 530-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:
«3. Шарт жасасу қарсаңында қайтыс болған азаматтың пайдасына ғұмырлық рента белгілейтін шарт мәнiссiз болады.»;

19) 533-бап алып тасталсын;

20) 560-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:
«2. Егер мүлiктiк жалдау шарты осы Кодексте көзделген негiздер бойынша жарамсыз деп табылса, онда оған сәйкес жасалған қосымша жалдау шарты мәнiссiз болып табылады.»;

21) 575-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:
«2. Кәсiпорынды жалдау шартының нысанын сақтамау шарттың мәнiссiз болуына әкeп соғады.»;

22) 582-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:
«2. Үйдi немесе ғимаратты жалдау шартының нысанын сақтамау оның мәнiссiз болуына әкeп соғады.»;

23) 591-бап мынадай редакцияда жазылсын:
«591-бап. Көлік құралын пайдалану туралы үшiншi тұлғалармен шарт жасасу

Егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актiлерiнде немесе шартта өзгеше көзделмесе, жалға алушы жалға алынған көлiк құралын коммерциялық пайдалануды жүзеге асыру шеңберiнде жалға берушiнiң келiсiмiнсiз өз атынан үшiншi тұлғалармен, егер олар жалдау шартында көрсетiлген көлiк құралдарын пайдалану мақсаттарына, ал егер мұндай мақсаттар белгiленбесе - көлiк құралының мақсатына қайшы келмесе, тасымалдау шартын және өзге де шарттар жасасуға құқылы.»;

24) 641-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:
«2. Тапсырыс берушi өзiне жұмыс нәтижелерiн өткiзгенге дейiн кез келген уақытта мердiгерге тапсырысшының шарттан бас тартуы туралы хабарлама алғанға дейiн орындалған жұмыс үшiн мердiгерге белгiленген бағаның бiр бөлiгiн төлеп, тұрмыстық мердiгерлiк шартынан бас тартуға құқылы және тапсырыс берушi мердiгердiң сол кезге дейiн жасаған шығындарын өтеуге мiндеттi. Тапсырыс берушiнi бұл құқықтан айыратын шарт талаптары мәнiссiз болады.»;

25) 701-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:
«2. Көлiк ұйымдарының жолаушылармен және жүк жөнелтушiлермен (жүк алушылармен) Қазақстан Республикасының заңнамалық актiлерiнде белгiленген жауапкершiлiктi шектеу немесе жою туралы келiсiмдерi, жүктi тасымалдау кезiнде мұндай келiсiмдер жасау мүмкiндiгi Қазақстан Республикасының көлiк туралы заңнамалық актiлерiнде көзделген жағдайларды қоспағанда, мәнiссiз болады.»;

26) 715-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:
«3. Заңды тұлғалар мен азаматтарға кәсiпкерлiк қызмет ретiнде азаматтардан қарыз түрiнде ақша тартуға тыйым салынады және мұндай шарттар мәнiссiз болып табылады.

»

;

27) 728-баптың бірінші бөлігінің 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«3) шарт жазбаша нысанда жасалуға тиіс. Жазбаша нысанды сақтамау банктік қарыз шартының мәнісінсіздігіне әкеп соғады;»;

28) 736-бап мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын:

«3. Егер ақшалай талапты беріп қаржыландыру шартында өзгеше көзделмесе, осы баптың қағидалары қолданылады.»;

29) 740-баптың 5, 6, 7-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Клиенттің банк шоттарындағы ақшасына тыйым салуға құқығы бар мемлекеттік органдардың немесе лауазымды адамдардың клиенттің банк шотына ұсынылған шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы шешімдері, соның ішінде талап қоюды қамтамасыз ету немесе атқару құжаттарын, уәкілетті мемлекеттік органдардың өкімдерін орындау мақсатындағы шешімдері мынадай кезектілікпен орындалуға жатады:

1) бірінші кезекте уәкілетті мемлекеттік органдардың немесе лауазымды адамдардың талап қоюды қамтамасыз ету немесе өмір мен денсаулыққа келтірілген зиянды өтеу туралы талаптарды, сондай-ақ алименттерді өндіріп алу туралы талаптарды қанағаттандыруды көздейтін атқару құжаттарын орындау мақсатында клиенттің банк шоттарындағы ақшасына тыйым салу туралы шешімдерінің негізінде клиенттің банк шоттарындағы ақшасына тыйым салынады;

2) екінші кезекте уәкілетті мемлекеттік органдардың немесе лауазымды адамдардың талап қоюды қамтамасыз ету немесе еңбек шартымен жұмыс істейтін адамдарға демалыс жәрдемақысы мен еңбекақысын төлеуді, авторлық шарт бойынша сыйақы төлеуді көздейтін атқару құжаттарын орындау, бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіби зейнетақы жарналарын және Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдарды аудару жөніндегі міндеттемелерді орындау мақсатында клиенттің банк шоттарындағы ақшасына тыйым салу туралы шешімдері негізінде клиенттің ақшасына тыйым салынады ;

3) үшінші кезекте клиенттің бюджет алдындағы міндеттемесін қамтамасыз ету мақсатында мемлекеттік органдардың немесе лауазымды адамдардың шығыс операцияларын тоқтату туралы өкімі орындалады;

4) төртінші кезекте талап қоюды қамтамасыз ету немесе басқа да ақшалай талаптарды қанағаттандыруды көздейтін атқару құжаттарын орындау мақсатында уәкілетті мемлекеттік органдардың немесе лауазымды адамдардың клиенттің ақшасына тыйым салу туралы шешімдері негізінде клиенттің банк шоттарындағы ақшасына тыйым салынады .

6. Банктің бұрын қабылданған уәкілетті мемлекеттік органдардың немесе лауазымды адамдардың тыйым салу туралы шешімдерін, оның ішінде талап қоюды қамтамасыз ету немесе атқару құжаттарын, клиенттің банк шоттары бойынша шығыс

операцияларын тоқтата тұру құқығына ие уәкілетті мемлекеттік органдардың өкімдерін орындау мақсатындағы шешімдерін орындауы уәкілетті мемлекеттік органның немесе лауазымды адамның банк шотына осы баптың 5-тармағына сәйкес бірінші кезекте орындалуға жататын шешімі ұсынылған жағдайлар тоқтатыла тұрады.

Уәкілетті мемлекеттік органдардың немесе лауазымды адамдардың талап қоюды қамтамасыз ету немесе бір кезекте орындалуға жататын атқару құжаттарын орындау мақсатында тыйым салу туралы шешімдері түскен уақыты бойынша кезектілікпен
ж ү з е г е а с ы р ы л а д ы .

7. Осы Кодекстің 742-бабының 2-тармағына сәйкес банк шотына бірінші кезекте орындалуға тиіс талаптарды ұсынған және банк шотында клиенттің банк шоттары бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру құқығына ие уәкілетті мемлекеттік органдардың өкімдері не уәкілетті мемлекеттік органдардың немесе лауазымды адамдардың тыйым салу туралы шешімдері болған кезде банк шотындағы ақша сомасы ұсынылған талап негізінде алып қоюға жатады.

30) 742-баптың 2-тармағының 5) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«5) бесінші кезекте клиентке қойылған басқа да талаптарды қанағаттандыру үшін күнтізбелік кезектілік тәртібімен ақша алу жүргізіледі.

Осы Кодекстің 740-бабының 5-тармағына сәйкес бірінші кезектегі тәртіппен орындалуға жататын уәкілетті мемлекеттік органның немесе лауазымды адамның тыйым салу туралы шешімі не банк шоттары бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру құқығына ие уәкілетті мемлекеттік органның өкімі келіп түскен кезде бұрын қойылған талап бойынша ақшаны алып қою уәкілетті мемлекеттік органның немесе лауазымды адамның тыйым салу туралы шешімінің не шығыс операцияларын тоқтата тұру құқығына ие уәкілетті мемлекеттік органның өкімін кері қайтарудың орындалуын қамтамасыз ету үшін қажетті ақша сомасы шегінде тоқтатыла тұрады.»;

31) 748-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Банктік шот шартының жазбаша нысанын сақтамау осы шарттың мәнісіздігіне
ә к е п с о ғ а д ы . » ;

32) 758-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Банк салымы шартының жазбаша нысанын сақтамау осы шарттың мәнісіздігіне
ә к е п с о ғ а д ы . » ;

33) 764-баптың 1-тармағының үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Шарт жасасу кезінде қайтыс болған азаматтың не сол кезде болмаған заңды тұлғаның пайдасына банк салымы шарты мәнісіз болады.»;

34) 765-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Салымшының мерзімді салымды мерзімінен бұрын алу құқығынан бас тартуы туралы банк салымы шартының, сондай-ақ шартты салымның ережелесі көзделген талаптар басталғанға дейін мәнісіз болып табылады.»;

35) 807-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Осы баптың 2-тармағында көзделген мүліктік мүдделер объектісі болатын сақтандыру шарттары мәнiссiз болып табылады.»;

36) 809-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Сақтанушыда немесе пайда алушыда сақтандырылған мүлікті сақтап қалу мүддесі болмаған кезде мүлікті сақтандыру шартын сот жарамсыз деп тануы мүмкін.»;

37) 819-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Тараптар, сақтандырушы өзін сақтанушы ниетті жаңылыстырғанын дәлелдеген жағдайларды қоспағанда, сақтандыру шартында айқындалған мүлік құнын дауласа алмайды. Егер сақтандыру шартында айқындалған сақтандыру сомасы сақтандыру құнынан асып түссе, сақтандыру шартын сақтандыру сомасының шарт жасалған кезіндегі сақтандыру сомасынан асып түскен бөлігінде сот жарамсыз деп тануы мүмкін .» ;

38) 825-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Сақтандыру шартының жазбаша нысанын сақтамау оның мәнiссiздiгiне әкеп с о қ т ы р а д ы . » ;

39) 840-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Егер мүліктік сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, сақтандыру төлемін жүзеге асырған сақтандырушыға төленген сома шегінде, сақтандыру нәтижесінде өтелген залалдар үшін жауапты адамға қоятын сақтанушының (сақтандырылған адамның) талап қою құқығы ауысады. Алайда қасақана залал келтірген адамға талап қою құқығының сақтандырушыға ауысуын жоққа шығаратын шарт талабы мәнiссiз б о л а д ы . » ;

4 0) 8 4 3 - б а п т а :

1-баптың 2), 8), 9) тармақшалары алып тасталсын;

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Сақтандыру шарты мына жағдайларда:

1) сақтандыру объектісі құқыққа қарсы мүліктік мүдделер болса (807-баптың 2-тармағы) ;

2) сақтандырылған адамның келісімі міндетті болып табылатын жағдайларда, оның к е л і с і м і б о л м а с а ;

3) шарттың жазбаша нысаны сақталмаса (осы Кодекстің 825-бабының 3-тармағы) м ә н i с s i з б о л а д ы . » ;

мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын:

«3. Міндетті сақтандыру туралы заңнамалық актілерде сақтандырудың жекелеген түрлеріне қатысты шартты жарамсыз деп танудың өзге де негіздері көзделуі мүмкін.»;

41) 844-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Егер сақтандыру шарты құқыққа қайшылығы сот үкімімен (қаулысымен) белгіленіп, қылмыстық мақсатқа жетуге бағытталса, осы Кодекстің 151-1-бабының 4-6-тармақшаларында көзделген салдар туындайды.»;

42) 865-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

1. Комиссия шарты бойынша бір тарап (комиссионер) екінші тараптың (комитент) тапсыруы бойынша комитент есебінен өз атынан бір немесе бірнеше мәміле жасауға м і н д е т т е н е д і . » ;

43) 866-баптың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Егер комиссия шартында өзгеше көзделмесе, комитент комиссионерге сыйақы төлеуге, ал осы тараудың 868-бабының 2-тармағында көзделген жағдайда, сондай-ақ шартта белгіленген мөлшерде қосымша сыйақы төлеуге міндетті. Егер шартта бұл мөлшер көзделмесе және оның талаптарының негізінде оны айқындау мүмкін болмаса, сыйақының мөлшері осы Кодекстің 385-бабының 3-тармағына сәйкес белгіленеді.»;

44) 867-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

«Комиссионер үшінші тұлғамен мәміле жасасу туралы комитентті хабардар етуге м і н д е т т і . » ;

45) 871-бап мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын:

«3. Комиссионердің дәрменсіздігі жағдайында үшінші тұлғамен мәміле бойынша комитенттің өткізілген мүлкі үшін алынған ақша конкурс ауқымына енбейді және комитентке тиесілі болып есептеледі.»;

4 6) 8 7 3 - б а п т а :

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«873-бап. Комиссионердің жауапкершілігі»;

мынадай мазмұндағы 4, 5-тармақтармен толықтырылсын:

«4. Комиссионер үшінші тұлғамен мәміле бойынша міндеттемелерді орындамағаны үшін Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жауаптылықта б о л а д ы .

5. Комиссионердің үшінші тұлғамен мәміле бойынша өзінің міндеттемелерін орындамауынан туындаған шығыстар комиссионер есебінен жабылады.»;

47) 900-баптың 2-тармағының бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Кешенді кәсіпкерлік лицензия шартының шектеу талаптары мынадай жағдайда: » ;

48) 903-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген негіздер бойынша лицензиатпен лицензиардың негізгі шарты жарамсыз деп табылса, онда оған сәйкес жасалған кешенді кәсіпкерлік қосалқы лицензия шарттары да мәніссіз деп е с е п т е л е д і . » ;

49) 951-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Моральдық зиян - жеке тұлғалардың өзіндік мүліктік емес игіліктері мен құқықтарының бұзылуы, кемсітілуі немесе олардан айырылуы, оның ішінде жәбірленушінің өзіне қарсы құқық бұзушылықтың жасалуы нәтижесінде не ол қайтыс болған жағдайда жақын туыстары, жұбайы (зайыбы) басынан кешірген (төзімін

тауысқан, уайымға салған) жан азабы немесе тән азабы (қорлау, ызаландыру, қысым жасау, ашуландыру, ұялту, түңілту, тән қиналуы, залал шегу, қолайсыз жағдайда қалу және т.б.) . » ;

50) 952-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Моральдық зиянның мөлшерін анықтаған кезде жәбірленушілерге не оған қарсы жақын туыстары, жұбайы (зайыбы) жасаған құқық бұзушылық нәтижесінде ол қайтыс болған жағдайда келтірілген адамгершілік залалдың ауырлығын субъективті бағалау да , сондай-ақ жәбірленушінің не оның жақын туыстары, жұбайы (зайыбы) қайтыс болған жағдайда жан азабы мен тән азабының дәрежесін дәлелдейтін объективті деректер де: қол сұғу объектісі болған игіліктің (өмір, денсаулық, ар-ождан, қадір-қасиет, бостандық , тұрғын үйге ешкімнің тимеуі және т.б.) өмірлік маңыздылығы; құқық бұзушылық зардаптарының ауырлығы (жақын туыстарын өлтіру, мүгедектікке әкеп соққан дене жарақатын салу, бас бостандығынан айыру, жұмыстан немесе тұрғын үйден айыру және т.б.); ұятқа қалдыратын жалған мәліметтер тарату сипаты мен аясы; жәбірленушінің өмір сүру жағдайлары (қызмет, отбасы, тұрмыс, материалдық, денсаулық жағдайы, жасы және басқалары), өзге де назар аударуға тұратын мән-жайлар ескеріледі. » ;

51) 965-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Егер осы Кодексте немесе Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерінде өзгеше көзделмесе, зияткерлік меншік объектісіне айрықша құқықтар олардың құқық иелері шарт бойынша толық немесе ішінара басқа адамға беруі мүмкін, сондай-ақ мұрагерлік бойынша әмбебап құқықтық мирасқорлық тәртібімен және заңды тұлғаның - құқық иесінің қайта ұйымдастырылуы нәтижесінде ауысады.

Айрықша құқықтардың берілуі авторлық құқық пен өзге де мүліктік емес құқықтарды жүзеге асуын шектемеуге тиіс. Мұндай құқықтарды беру немесе шектеу туралы шарттың талаптары мәнсіз болады.»;

52) 967-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Шарттың белгілі бір түрдегі не белгілі бір саладағы зияткерлік шығармашылық қызметтің нәтижелерін жасауға автордың құқығын шектейтін талаптары мәнсіз болады. » ;

53) 977-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Автордың біреумен келісімі немесе автордың жеке мүліктік емес құқықтарын жүзеге асырудан бас тартуы туралы арызы мәнсіз болады.

54) 1000-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«1000-бап. Патенттік құқықтарды беру туралы шарт

Инновациялық патент пен патентті алуға құқықты беру туралы, сондай-ақ инновациялық патент пен патентті беру туралы шарттар жазбаша нысанда жасалуы тиіс және патенттік органда (ұйымында) тіркелуге жатады. Жазбаша нысанның немесе тіркеу туралы талаптың сақталмауы шарттың мәнсіздігіне әкеп соғады.»;

55) 1001-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Өнертабысты, пайдалы модельді, өнеркәсіптік үлгіні пайдалануға лицензиялық шарт пен қосалқы лицензиялық шарт жазбаша нысанда жасалады және патенттік органда (ұйымында) тіркелуге жатады. Жазбаша нысанның немесе тіркеу туралы талаптың сақталмауы шарттың мәніссіздігіне әкеп соғады.»;

56) 1031-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«1031-бап. Тауар таңбасына құқық беру туралы шарттар мен лицензиялық шарттардың нысаны және оларды тіркеу

Тауар таңбасына құқық беру туралы шарт немесе лицензиялық шарт жазбаша нысанда жасалып, патенттік органда (ұйымда) тіркелуге жатады.

Жазбаша нысан мен тіркеу туралы талапты сақтамау шарттың мәніссіздігіне әкеп соғады.» ;

57) 1040-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

«Мұра құрамына мұра қалдырушының өмір сүрген уақытында ресімделмеген мүліктік құқықтарын ресімдеу үшін қажетті құқықтар, оның ішінде тіркеу құқығы кіреді.» ;

58) 1047-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Мұрагер тағайындау немесе мұра алу құқығынан айыру туралы өкімге енгізілген құқыққа қайшы талаптар мәніссіз болады.»;

59) 1056-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Тиісті нысанда жасалмаған өсиет мәніссіз болады. Өсиеттің жарамсыздығы осы Кодекстің 4-тарауының мәмілелердің жарамсыздығы туралы қағидаларына да негізделеді.» ;

60) 1081-бап мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

«Егер мұра алған мұрагерлер мұра құрамына кіретін мүлікті немесе оған құқықты тіркеуден жалтарған жағдайда, мұра қалдырушының кредиторлары мәжбүрлеп тіркеуді талап етуге құқылы.» ;

61) 1088-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«1088-бап. Заңды айналып өтудің салдары

Қатынастарға қатысушылардың осы Кодексте реттелетін, осы бөлімнің қолданылуға тиісті құқық туралы ережелерін айналып өтіп, тиісті қатынастарды өзге құқыққа жатқызуға бағытталған келісімдері мен өзге де әрекеттері мәніссіз деп танылуы мүмкін. Бұл жағдайда осы бөлімге сәйкес қолданылуға тиісті құқық қолданылады.» .

3. 2008 жылғы 10 желтоқсандағы «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» (Салық кодексі) Қазақстан Республикасының Кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2008 ж., № 22-I, 22-II, 112-құжат; 2009 ж., № 2-3, 16, 18-құжаттар; № 13-14, 63-құжат; № 15-16, 74-құжат; № 17, 82-құжат; № 18, 84-құжат; № 23, 100-құжат; № 24, 134-құжат; 2010 ж., № 1-2, 5-құжат; № 5, 23-

құжат; № 7, 28, 29-құжаттар; № 11, 58-құжат; № 15, 71-құжат; № 17-18, 112-құжат; № 22, 130, 132-құжаттар; № 24, 145, 146, 149-құжаттар; 2011 ж., № 1, 2, 3-құжаттар; № 2, 21, 25-құжаттар; № 4, 37-құжат; № 6, 50-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; № 13, 116-құжат; № 14, 117-құжат; № 15, 120-құжат; № 16, 128-құжат; № 20, 151-құжат; № 21, 161-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 1, 5-құжат; № 2, 11, 15-құжаттар; № 3, 21, 22, 25, 27-құжаттар; № 4, 32-құжат; № 5, 35-құжат; № 6, 43, 44-құжаттар; № 8, 64-құжат; № 10, 77-құжат; № 11, 80-құжат; № 13, 91-құжат; № 14, 92-құжат; № 15, 97-құжат; № 20, 121-құжат; № 21-22, 124-құжат; № 23-24, 125-құжат; 2013 ж., № 1, 3-құжат; № 2, 7, 10-құжаттар; № 3, 15-құжат; № 4, 21-құжат; № 8, 50-құжат; № 9, 51-құжат; № 10-11, 56-құжат; № 12, 57-құжат; № 14, 72-құжат; № 15, 76, 81, 82-құжаттар; № 16, 83-құжат; № 21-22, 114, 115-құжаттар; № 23-24, 116-құжат; 2014 ж., № 1, 9-құжат; № 4-5, 24-құжат; № 7, 37-құжат; № 8, 44, 49-құжаттар; № 10, 52-құжат; № 11, 63, 64, 65, 69-құжаттар; № 12, 82-құжат; № 14, 84-құжат; № 16, 90-құжат; № 19-II, 96-құжат; № 21, 122-құжат; № 22, 128-құжат; № 21, 131-құжат; № 23, 143-құжат; № 24, 145-құжат; 2015 жылғы 10 сәуірде «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне зияткерлік меншік саласын құқықтық реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2015 жылғы 7 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы; 2015 жылғы 29 сәуірде «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сақтандыру және исламдық қаржыландыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2015 жылғы 27 сәуірдегі Қазақстан Республикасының

З а ң ы) :

611-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Салық төлеушінің (салық агентінің) банк шоттары бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы салық органының өкімін банктер немесе банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар сөзсіз орындауға жатады және Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде белгіленген кезектілік тәртібімен орындалады.»

4. «Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы» 1995 жылғы 17 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., № 3-4, 35-құжат; № 15-16, 109-құжат; № 20, 121-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., № 1, 180-құжат; № 14, 274-құжат; 1997 ж., № 12, 183-құжат; 1998 ж., № 5-6, 50-құжат; № 17-18, 224-құжат; 1999 ж., № 20, 727-құжат; 2000 ж., № 3-4, 63, 64-құжаттар; № 22, 408-құжат; 2001 ж., № 1, 1-құжат; № 8, 52-құжат; № 24, 338-құжат; 2002 ж., № 18, 157-құжат; 2003 ж., № 4, 25-құжат; № 15, 139-құжат; 2004 ж., № 5, 30-құжат; 2005 ж., № 13, 53-құжат; № 14, 55, 58-құжаттар; № 23, 104-құжат; 2006 ж., № 10, 52-құжат; № 15, 95-құжат; № 23, 141-құжат; 2007 ж., № 3, 20-құжат; 2008 ж., № 12, 52-құжат; № 23,

114-құжат; № 24, 126, 129-құжаттар; 2009 ж., № 24, 122, 125-құжаттар; 2010 ж., № 1-2, 2-құжат; № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; № 17, 136-құжат; 2012 ж., № 2, 14-құжат; № 13, 91-құжат; № 21-22, 124-құжат., 2013 ж., № 10-11, 56-құжат; 2014 ж., № 1, 9-құжат; № 4-5, 24-құжат; № 12, 82-құжат; № 14, 84-құжат; № 19-II, 96-құжат; № 21, 131-құжат; № 23, 143-құжат):

1) 11-баптың алтыншы бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:
«Мемлекеттік тіркеуден (қайта ұйымдастыру жағдайларын қоспағанда) бас тартудың осы бапта көзделген негіздері шағын кәсіпкерлік субъектілеріне жататын заңды тұлғаларға қолданылмайды.»;

2) 14-баптың төртінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:
«Тарапы жеке тұлға болып табылатын шаруашылық серіктестігінің шығатын қатысушысының серіктестік мүлкіндегі (жарғылық капиталындағы) үлесіне немесе оның бір бөлігіне құқығын иеліктен шығару (басқаға беру) шарты нотариатта куәландыруға жатады.».

5. «Шаруашылық серіктестіктері туралы» 1995 жылғы 2 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., № 7, 49-құжат; № 15-16, 109-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., № 14, 274-құжат; № 19, 370-құжат; 1997 ж., № 12, 183, 184-құжаттар; № 13-14, 205, 210-құжаттар; 1998 ж., № 5-6, 50-құжат; № 17-18, 224-құжат; 2003 ж., № 11, 56-құжат; № 24, 178-құжат; 2007 ж., № 4, 28-құжат; 2008 ж., № 12, 52-құжат; № 13-14, 56-құжат; 2010 ж., № 1-2, 2-құжат; № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 5, 43-құжат; № 6, 50-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 21-22, 124-құжат; 2013 ж., № 10-11, 56-құжат; 2014 ж., № 4-5, 24-құжат; № 14, 84-құжат):

7-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:
«4. Егер Қазақстан Республикасының арнайы заңнамалық актілерінде немесе құрылтай құжаттарында өзгеше көзделмесе, шаруашылық серіктестігі қатысушысының серіктестік мүлкіндегі (жарғылық капиталындағы) өз үлесін немесе оның бір бөлігін кепілге салуға және (немесе) сатуға құқығы бар. Тарапы жеке тұлға болып табылатын шаруашылық серіктестігінің шығатын қатысушысының серіктестік мүлкіндегі (жарғылық капиталындағы) үлесіне немесе оның бір бөлігіне құқығын иеліктен шығару (басқаға беру) шарты нотариатта куәландыруға жатады.».

6. «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» 1998 жылғы 22 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., № 5-6, 49-құжат; 1999 ж., № 20, 727-құжат; 2002 ж., № 10, 102-құжат; 2003 ж., № 11, 56-құжат; № 24, 178-құжат; 2004 ж., № 5, 30-құжат; 2005 ж., № 14, 58-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 4, 24, 25-құжаттар; № 8, 45-құжат; 2007 ж., № 4, 28-құжат; № 20, 153-құжат; 2008 ж., № 13-14, 56-құжат; 2009 ж., № 2-3, 16-құжат; 2010 ж., № 1-2, -құжат; 2011 ж., № 1, 9-құжат; № 5, 43-құжат; № 6, 50-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 2, 15-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2014 ж., № 4-5

1) 29-баптың 2-тармағының екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Тарапы жеке тұлға болып табылатын серіктестіктің шығатын қатысушысының серіктестік мүлкіндегі (жарғылық капиталындағы) үлесіне немесе оның бір бөлігіне құқығын иеліктен шығару (басқаға беру) шартын нотариат куәландыруға тиіс.»;

2) 42-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Жауапкершілігі шектеулі серіктестікке барлық қатысушылардың жалпы жиналысқа қатысуға, күн тәртібіндегі мәселелерді талқылауға қатысуға және шешімдер қабылдау кезінде дауыс беруге құқығы бар.

Серіктестікке қатысушылардың көрсетілген құқықтарын шектейтін серіктестік жарғысының және кез келген басқа құжаттардың, шешімдердің ережелері мәніссіз болады.» ;

3) 47-баптың 9-тармағының бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«9. Күн тәртібіне енгізілген мәселелерді талқылау басталғанға дейін жалпы жиналыс кворумды белгілеуге міндетті. Бұл талапты сақтамау кворумның бар екендігі анықталғанға дейін жалпы жиналыс қабылдаған барлық шешімдердің мәніссіз болуына әкеледі.» .

7. «Қаржы лизингі туралы» 2000 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2000 ж., № 10, 247-құжат; 2003 ж., № 15, 139-құжат; 2004 ж., № 5, 25-құжат; 2005 ж., № 23, 104-құжат; 2010 ж., № 15, 71-құжат; 2012 ж., № 13, 91-құжат; 2014 ж., № 4-5, 24-құжат; 2015 жылғы 29 сәуірде «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сақтандыру және исламдық қаржыландыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2015 жылғы 27 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 6-баптың 5-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Егер лизинг шарты осы Заңда, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде немесе басқа да заңнамалық актілерінде көзделген негіздер бойынша жарамсыз деп танылса, онда соған сәйкес жасалған сублизинг шарты мәніссіз болып саналады.» ;

2) 15-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Лизинг шарты жазбаша нысанда жасалуға тиіс. Лизинг шартының жазбаша нысанын сақтамау оның мәніссіз болуына әкеп соғады.».

8. «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» 2001 жылғы 16 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., № 1, 8-құжат; № 24, 338-құжат; 2003 ж., № 11, 56-құжат; 2004 ж., № 5, 30-құжат; № 10, 56-құжат; 2005 ж., № 13, 53-құжат; 2006 ж., № 8, 45-құжат; № 15, 95-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 9, 67-құжат; № 17, 141-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 7, 28-құжат; 2011 ж., № 2, 21-құжат; № 5, 43-құжат; № 17, 136-құжат; № 23, 179-құжат; № 24, 196-

құжат; 2012 ж., № 2, 13-құжат; № 8, 64-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2013 ж., № 10-11, 56-құжат; № 15, 81-құжат; 2014 ж., № 11, 63, 67-құжаттар; № 21, 131-құжат; № 23, 143-құжат) :

21-баптың 3-тармағының 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) егер олар құрылтайшылардың өзара қатынастарына қатысты болса, құрылтайшылардың;» .

9. «Акционерлік қоғамдар туралы» 2003 жылғы 13 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., № 10, 55-құжат; № 21-22, 160-құжат; 2004 ж., № 23, 140-құжат; 2005 ж., № 14, 58-құжат; 2006 ж., № 10, 52-құжат; № 16, 99-құжат; 2007 ж., № 4, 28, 33-құжаттар; № 9, 67-құжат; № 20, 153-құжат; 2008 ж., № 13-14, 56-құжат; № 17-18, 72-құжат; № 21, 97-құжат; 2009 ж., № 2-3, 18-құжат; № 17, 81-құжат; № 24, 133-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 2, ст. 21-құжат; № 3, 32-құжат; № 5, 43-құжат; № 6, 50-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 2, 11, 14-құжаттар; № 4, 30-құжат; № 13, 91-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2013 ж., № 10-11, 56-құжат; № 15, 81-құжат; 2014 ж., № 4-5, 24-құжат; № 6, 27-құжат; № 10, 52-құжат; № 11, 63-құжат; № 16, 90-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 жылғы 24 сәуірде «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттің кәсіпкерлік қызметке қатысуын шектеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2015 жылғы 22 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы; 2015 жылғы 29 сәуірде «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сақтандыру және исламдық қаржыландыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2015 жылғы 27 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы):

25-бап мынадай мазмұндағы 5-тармақпен толықтырылсын:

«5. Акционерлік қоғамның дауыс беретін акцияларының жиырма пайызынан астамын сатып алған заңды тұлға акцияларды сатып алған күннен бастап отыз күн ішінде осы қоғамның өзіне тиесілі акциялары туралы мәліметтерді бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауға міндетті.» .

10. «Жобалық қаржыландыру және секьюритилендіру туралы» 2006 жылғы 20 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2006 ж., № 4, 23-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; 2012 ж., № 2, 15 - құжат; № 13, 91 - құжат) :

1) 6-5-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Жобалық қаржыландыру кезінде талап ету құқықтарын басқаға беру шарты Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 346-бабында белгіленген талаптар сақтала отырып, жазбаша нысанда жасалуға тиіс. Талап ету құқықтарын басқаға беру шартының жазбаша нысанын сақтамау оның мәнісіз болуына әкеп соғады.»;

2) 9-баптың 4-тармағының екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Секьюритилендіру кезінде талап ету құқықтарын басқаға беру шартының жазбаша нысанын сақтамау оның мәніссіз болуына әкеп соғады.».

11. «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» 2010 жылғы 24 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2010 ж., № 12, 60-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; 2012 ж., № 2, 11, 14-құжаттар; № 3, 21-құжат; № 4, 30-құжат; № 6, 46-құжат; № 8, 64-құжат; № 11, 80-құжат; № 15, 97-құжат; № 23-24, 125-құжат; 2013 ж., № 9, 51-құжат; № 14, 75-құжат; № 15, 81-құжат; 2014 ж., № 4-5, 24-құжат; № 7, 37-құжат; № 10, 52-құжат; № 19-II, 96-құжат; № 21, 131-құжат; № 23, 143-құжат, № 24, 145-құжат; 2015 жылғы 29 сәуірде «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сақтандыру және исламдық қаржыландыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2015 жылғы 27 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы) :

1) 36-баптың 14-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«14. Жер қойнауын пайдалану құқығын, жер қойнауын пайдалану құқығымен байланысты объектілерді беруге бағытталған, құзыретті органның немесе облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органының осы баптың 2-тармағында көзделген рұқсаты болмай, сол сияқты рұқсаттың қолданылу мерзімі өткеннен кейін, сондай-ақ жер қойнауын зерттеу мен пайдалану жөніндегі уәкілетті органның осы баптың 6-тармағына сәйкес берілетін алдын ала келісімінсіз жасалған мәмілелер мен өзге де әрекеттер мәніссіз болады.»;

2) 41-баптың 5-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Осы баптың ережелеріне қайшы келетін кепіл туралы шарттардың және өзге де келісімдердің талаптары мәніссіз болады.».

12. «Мемлекеттік мүлік туралы» 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2011 ж., № 5, 42-құжат; № 15, 118-құжат; № 16, 129-құжат; № 17, 136-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 2, 11, 16-құжаттар; № 4, 30, 32-құжаттар; № 5, 41-құжат; № 6, 43-құжат; № 8, 64-құжат; № 13, 91-құжат; № 14, 95-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2013 ж., № 2, 13-құжат; № 8, 50-құжат; № 9, 51-құжат; № 15, 82-құжат; № 16, 83-құжат; 2014 ж., № 1, 9-құжат; № 2, 10, 12-құжаттар; № 4-5, 24-құжат; № 7, 37-құжат; № 12, 82-құжат; № 19-I, 19-II, 94, 96-құжаттар; № 22, 131-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 жылғы 24 сәуірде «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттің кәсіпкерлік қызметке қатысуын шектеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2015 жылғы 22 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 71-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Мемлекеттік мүлікті иеленуге және (немесе) пайдалануға беру туралы шарт

жазбаша нысанда жасалуға тиіс. Мемлекеттік мүлікті иеленуге және (немесе) пайдалануға беру туралы шарттың жазбаша нысанын сақтамау оның мәніссіз болуына ә к е п с о ғ а д ы . » ;

2) 101-баптың 8-тармағының екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын
«Сауда-саттықты жарамсыз деп тану осындай сауда-саттықтың қорытындысы бойынша жасалған сатып алу-сату шартының мәніссіз болуына әкеп соғады.»;

3) 195-бап мынадай редакцияда жазылсын;
«195-бап. Стратегиялық объектілерге үшінші тұлғалардың құқықтарымен ауыртпалық салу немесе оларды иеліктен шығару туралы және стратегиялық объектілерді сатып алудың басым құқығы туралы ережелерді бұзудың салдары

Стратегиялық объектілерге құқықтарды иеленушінің стратегиялық объектілерге үшінші тұлғалардың құқықтарымен ауыртпалық салу немесе оларды иеліктен шығару туралы және стратегиялық объектілерді сатып алудың басым құқығы туралы талаптарды бұза отырып жасаған мәмілесін ол жасалған кезден бастап сот жарамсыз д е п т а н у ы м ү м к і н . » .

2-бап. Осы Заң алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті